

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Білім беру жүйесінде педагогикалық-психологиялық қызметті ұйымдастыру» біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

Білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) өзектілігі.

Білім беру ұйымдарының педагог кадрларына арналған «Білім беру жүйесінде педагогикалық-психологиялық қызметті ұйымдастыру» (80 сағат) тақырыбындағы курс білім беру бағдарламасы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологтарын оқытуға арналған.

Білім алушылардың толыққанды және еркін дамуға, сапалы білім алуға құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету бүгінде кез келген білім беру ұйымы қызметінің ажырамас бөлігіне айналуда. Қоғамдық санадағы білім сапасы ұғымының өзі денсаулық, әл-ауқат, қауіпсіздік, өзін-өзі жүзеге асыру сияқты категориялармен тығыз байланысты.

Педагогикалық-психологиялық қызмет, білім алушының дамуы мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайға тап болған оқушыларға көмек пен қолдауға кепілдік береді, сондай-ақ кәсіби және жеке тұлғаның қалыптасу жағдайларын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның бағыттылығы

Бұл бағдарлама білім беруді жаңарту жағдайындағы білім беру жүйесінде педагогикалық-психологиялық қызметті ұйымдастыру, педагог-психологтардың біліктілігін арттыру мәселелеріне бағытталады.

2. Глоссарий

Психологиялық қызмет - адамдарға мамандандырылған деңгейде психологиялық көмек көрсету үшін мекемелер мен ұйымдарда құрылған арнайы қызмет жүйесі.

Мектептегі психологиялық қызмет – әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Психологиялық диагностика – оқушының, ата-ананың тұлғааралық жетілуіндегі ерекшеліктерді нормадан ауытқуды ғылыми негіз деп беретін сала.

Психодиагностика – психологияның адамдардың даралық психологиялық ерекшеліктерін сандық анықтау сипаттау және талқылау, сондай-ақ клиенттің қиындықтарын түсінуге және шешуге қажет психологиялық ақпаратты жинау мәселелерін зерттейтін саласы.

Педагогикалық диагноз – оқушының қабілетін, мінезіндегі ауытқуларды, оқу барысында кездесуі мүмкін қиындықтарын анықтау. Педагогикалық диагноз оқушының мектеп бағдарламасын игеруі туралы мәліметтер негізінде, оның оқу іс-әрекеттерін бақылау және нәтижелерін талдау және т.б. арқылы қойылады.

Оқыту диагностикасы - қандай да бір жүйенің күйін сипаттайтын белгілерді нақтылау және үйрену кезіндегі мүмкін ауытқуларды айту, олардың жұмыс тәртібінің бұзылуының алдын алу жолдарын айқындау болып табылады.

Тәрбие диагностикасы - тәрбиені тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара әрекеттерінде, тек қана тәрбие объектісі ғана емес, сонымен бірге субъектісі болып табылатын тәрбиеленушілердің өздерінің өзара әрекеттерінде іске асатын процесс.

Психологиялық ағарту (профилактика) - мұғалім, ата анасы, оқушыны психологиялық білімдермен қамтамасыз ету, жаңалықтарды жеткізу. Психологиялық ағартудың мақсаты – тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуын кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, педагогтарды, ата-аналарды психологиялық біліктілігін арттыру.

Психологиялық алдын алу – мүмкін болған ауытқудың алдын алу шаралары. Психологиялық алдын алудың мақсаты: барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту.

Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу, кәсіби кеңес (консультация) жүргізу – диагностикалық негізде туындайды. Психологиялық кеңес берудің мақсаты: педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді, оқу-тәрбие үдерісінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету.

Психологиялық – педагогикалық консилиум – белгілі бір баланың, сыныптың немесе тұтас білім мекемесінің психологиялық-педагогикалық проблемаларын шешудің тәсілдерін анықтайтын психологтың педагогпен, білім мекемесінің әкімшілігімен бірлескен жұмысы.

Агрессия- (латын тілінен *aggredi*-шабуылдау)- адамдар тобына немесе басқа бір адамға шығын әкелетін, физикалық немесе психологиялық шығын әкелуге бағытталған, жеке тұлғаның немесе ұжымның әрекеті.

Адаптация – сырттан тұрақты әсер еткен тітіркендіргіштерге түйсіну мүшелерінің бейімдеуі.

Топтық нормалар (лат. *norma* – басқарушы бас, нақты жазбалар, үлгі) - әрбір шынайы функцияланатын қауымның шығарған тәртіп пен талаптың барысы және аталған топтың мүшелерінің өзара байланысты, қарым-қатынасын реттеудегі маңызды рөлдік құрал.

Диагноз- грек тілінен (*diagnosis*) аударғанда «тану» дегенді білдіреді.

Диагностика – зерттеу процесі немесе объект туралы толық ақпарат алудың жалпы тәсілі.

Сенім (лат. *Veritas, verus* – ақиқат, шындық) – діндегі басты дүниетанымдық ұстаным және белгілі бір қағидаларды (догматтарды) қалтқысыз қабылдауға және соларға сай өмір сүруге бағытталған психологиялық нұсқама.

Мағыналық барьер - (француз тілінен *barriere*- бөгет, кедергі) бір құбылыстың мәнін әр түрлі түсінудің нәтижесінде пайда болған адамдар арасындағы түсінбеушілік.

Конфликт- (латын тілінен *conflictus*- қақтығыс) қарама- қарсы бағыттағы оппоненттердің, субъектілердің мақсаттарының, көзқарастарының, бағыттарының қақтығысы

Темперамент - әр адамның, ойлау өрісінің сезім көрінісінің, қимыл әрекетінің п.б. жылдамдығы, әрі оның қуатын айтады.

Көңіл-күй - біршама бәсең бірақ ұзаққа созылатын және көтеріңкі не басыңқы эмоциялық жағдайлар.

Құмарлық- бұл ұзақ тұрақты әрі терең сезім. Көп жағдайда бұл жеке бастың ретінде көрініс табады. Құмарлық адамның қызығушылығынан бір іс-әрекетіне ерекше талпынысынан дамиды.

Жеке тұлға - (ағылшын тіліндегі *-personality*) латын тіліндегі «*persona*» деген сөзден шыққан. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмаларындағы театр көрністерінде әртістер киетін масканы аңғартады. Соған орай, басынан-ақ, «жеке тұлға» түсінігіне адам арнайы өмірлік рөлдерді ойнаған сәттерде жеке даралыққа қол жеткізетін сыртқы әлеуметті бейне қосылған, яғни айналасындағыларға бағытталған қоғамдық бет әлпет.

Проекция - (лат. *Projectio - алға тастау*) - индивидке бей жай елесті сыртқы дүниеге біржақты тенейтін психикалық процестің көрінісі.

Тест - ағылшын сөзі, мағынасы «сынақ» дегенді білдіреді. *Тест* - адам психологиясы мен қылықтарының сапалық және сандық қасиеттерін, алдын ала берілген стандартты нормалармен салыстыра отырып бағалайтын психологиялық зерттеулердегі әдіс.

Тест - психологияда адамның жеке басындағы психологиялық ерекшеліктері мен қабілетін, ақыл-ой деңгейін белілі нормалар тұрғысынан іздестіретін әдіс.

Экспрессивтілік - (лат. *Expressio – көрсету*)- эмоциялық күйді көрсете алу.

Сұхбат - қажетті ақпаратты алу немесе бақылау барысында түсініксіздеу болған құбылыстың мәнін аша түсу мақсатымен дербес не қосымша қолданылатын зерттеу тәсілі.

Сұхбаттасу әдісі - (*inter – аралық, view-көзқарас*). Сұхбаттасу сұрақтама әдісінің бір түрі болып табылады. Интервьюер (*сұрақ қоюшы*) мен респондент (*жауап беруші*) тікелей емес қарым-қатынастарда болуына байланысты интервью **индивидуалды және топтық** болып бөлінеді.

Сауалнама - нақты адамдар тобына сұрақтар қою арқылы алғашқы ақпаратты жинау әдісі. Зерттеушінің респондентпен анкета арқылы жүзеге асырылатын байланысына негізделген эмпирикалық зерттеуін әлеуметтанулық өлшеу тәсілі.

Индукция - (лат. *inductio – ой салу, бағыттау*) – тұрақты магнитті өрісте қозғалғанда немесе айналасындағы магнитті өрістің өзгеруі кезінде өткізгіштің бойындағы электр қозғаушы күштің қозуы. Тамақ өнімдерінің құрамындағы судың әсерінен оларды осындай жолмен қыздыруға болады.

Корреляция – латынның «*correlation*» деген сөзінен шыққан, ол өзара бір-бірімен байланыстылық, тәуелділікті көрсетеді. Биологиялық зерттеулер кезінде бір ағзаның көрсеткіштері арасындағы байланыстарды немесе ағзаның көрсеткіштерімен сыртқы орта жағдайларының арасындағы тәуелділікті тексеру қажеттілігі жиі кездеседі.

Арт-терапия – термині «art – өнер, arttherapy» өнер арқылы терапия жүргізу.

Терапия – латын тілінен аударғанда «емдеу» деген ұғымды білдіреді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.

Сурет терапиясы - агрессияны және жиналып қалған теріс эмоцияны қайтарудың қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы тәсілі

Социометрия - топта жеке тұлғааралық қатынастарды өлшеу.

Деонтология – адамның парыздылыққа негізделген жүріс-тұрысы, қылықтары, әрекеттері туралы ғылым. Парыз адамға тән азаматтық борыш, қастерлі міндет.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	1.1 Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларын психологиялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтің нормативтік және құқықтық негіздері
	1.2 Жалпы білім беретін мектептердегі педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру	2.1 Барлық білім беру қатынасына қатысушыларға психологиялық көмек беру және кәсіби педагогикалық-психологиялық құзыреттілікті көтеру туралы (Жедел психологиялық кеңес беру жұмысының алгоритмі)
	2.2 Білім берудегі психологиялық сүйемелдеу бойынша ақпараттық-аналитикалық қызметпен қамтамасыз ету
	2.3 Білім берудегі психологиялық сүйемелдеу бойынша сапамен қамтамасыз ету
	2.4 Жалпы білім беру ұйымының педагог-психологының жұмыс ұстанымдары (принциптері)
	2.5 Педагог-психолог жұмысының қызметін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар
	2.6 Жалпы білім беру ұйымының педагог-психологының жұмыс орнын әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар
	2.7 Негізгі әдістемелік кешен: ұсынылған әдістер мен бағдарламалар
	2.8 Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын құруды қамтамасыз ету ұстанымдары. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету критерийлері, оның құрлымдық үлгісі
	2.9 Оқушылардың физиологиялық – психологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың, маскүнемдіктің, шылым шегудің, АҚТҚ жұқпасының алдын алу

	2.10 Психологиялық диагностикалау, алдын - алу, кеңес беру жұмыстарын жүргізу. Математикалық - статистикалық әдістер арқылы нәтижесін ұсыну, мониторинг жүргізу
Модуль 3. Педагогтердің ІТ- құзыреттілігін дамыту.	3.1 Білім беру жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру.
4. Вариативті модуль	4.1 Педагог-психологтың кәсіби дамуындағы заманауи өзіндік білім алу технологиялары
	4.2 Кәсіби құпияны сақтау, педагогикалық әдеп, корпоративтік мәдениет ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру
	4.3 Арт-терапия түрлері негізінде тренингтік жаттығулар ұйымдастыру

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарлама мақсаты: мектепте күш көрсетудің болдырмау, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын-алуға мүмкіндік беретін тәрбие беру үдерісінде психологиялық қолдаудың тиімді жүйесін құру арқылы мектептегі педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Бағдарлама мақсатына жету үшін келесі міндеттер айқындалған:

- 1) білім беру ұйымдарында тәрбиелік үдерісті реттейтін нормативтік-құқықтық базаны зерттеу;
- 2) білім беру және тәрбие мазмұнын жаңартудың қажеттілігі мен байланысын зерттеу, мазмұнын ашу;
- 3) әлемдік жетістіктердің мектеп тәжірибесін және тәжірибелерді кіріктірумен байланысты білім беру мазмұнын жаңарту ерекшеліктерін анықтау, оқып-зерттеу;
- 4) ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде тәрбие бағдарламасының мазмұнын оқып-зерттеу;
- 5) тәрбиенің күтілетін нәтижесіне сәйкес құрылған тәрбие мақсаты жүйесіне бағытталған дағдыларды қалыптастыру;
- 6) тұлғаны тәрбиелеу, бейімдеу және әлеуметтендірудің белсенді стратегиясын қолдануға, тәрбиелік үдерісті психологиялық қолдау, қауіпсіз білім беру ортасын құру, мектепте күш көрсетудің болдырмаудың алдын алу дағдысын қалыптастыру;
- 7) мектепте өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алуды ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру;
- 8) ақпарат пен білімді өз бетінше алу, шешімді өз бетінше қабылдауды қалыптастыру негізінде тұлғаның әлеуметтенуін интербелсенді және бағытталған тәрбие беру және ауысу қажеттілігін түсіну;

9) тұлғаға-бағдарланған, субъект-субъектілік қарым-қатынасының құрылуы, сыни ойлау және серіктестікке ынталандыратын қажеттілігі негізінде оқушылармен белсенді және қарқынды қарым-қатынасына көшуді қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер

Курс соңында тыңдаушылар:

– айырмашылығының ерекшеліктері, білім беруге қазіргі заманғы бағдардың өзектілігі мен негізі; білім беру мен тәрбиедегі мазмұнды жүйелі жанартудың өзара байланыстырын; тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудың желісі және мазмұнын, педагог- психолог қызметінің заманау бағыттарын, инновациялық әдіс-тәсілдерді, техникалар мен технологияларды біледі;

– оқушылардың таным процестерін (ойлау, қабылдау, есте сақтау, зейін) анықтау, диагностикалау, психологиялық ахуал, оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық қолдауды ұйымдастыруы және мазмұнын қолдануды игереді;

– қауіпсіз білім беру орта қамтамасыз ету негізі және мектепте күш көрсетуді болдырмау, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алуды; оқушылармен тұлғалық-бағдарлы амалдар негізінде өздерінің қарым-қатынастарын құруды; тәрбиедегі күтілетін нәтижені құруымен тәрбие үдерісін психологиялық қолдау жүйесін жоспарлауды меңгереді.

5 . Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модульдың атаулары	Тақырыптары	Қысқаша мазмұны
Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	1.1 Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларын психологиялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтің нормативтік және құқықтық негіздері 1.2 Жалпы білім беретін мектептердегі педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары	Дәріс материалдары тыңдаушыларға педагогтерді аттестаттаудың жаңа үлгісін ұсынады. Білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудан өткізудің жаңа қағидалары мен шарттары. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын негізгі бағыттары мен қағидаттарын ұсынады. Психологиялық практика жағдайында үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу жоспарына қысқаша шолу және жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары бойынша ООР бар балаларды оқыту ерекшеліктері (білім беру салалары бойынша) ұсынылады.
Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен	2.1 Барлық білім беру қатынасына қатысушыларға психологиялық көмек беру және кәсіби педагогикалық-психологиялық құзыреттілікті көтеру туралы (Жедел психологиялық кеңес беру жұмысының алгоритмі)	Дәріс материалдары тыңдаушыларға психологиялық практика жағдайында үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу жоспарына қысқаша шолу және жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары бойынша ЕББҚ бар балаларды оқыту ерекшеліктері (білім беру салалары бойынша) ұсынылады.

<p>әдістерін жетілдіру</p>	<p>2.2 Білім берудегі психологиялық сүйемелдеу бойынша ақпараттық-аналитикалық қызметпен қамтамасыз ету</p> <p>2.3 Білім берудегі психологиялық сүйемелдеу бойынша сапамен қамтамасыз ету</p> <p>2.4 Жалпы білім беру ұйымының педагог-психологының жұмыс ұстанымдары (принциптері)</p> <p>2.5 Педагог-психолог жұмысының қызметін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар</p> <p>2.6 Жалпы білім беру ұйымының педагог-психологының жұмыс орнын әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар</p> <p>2.7 Негізгі әдістемелік кешен: ұсынылған әдістер мен бағдарламалар</p> <p>2.8 Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын құруды қамтамасыз ету ұстанымдары. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету критерийлері, оның құрлымдық үлгісі</p> <p>2.9 Оқушылардың физиологиялық – психологиялық жас ерекшеліктерін ескеріп, нашакорлықтың, уытқұмарлықтың, маскүнемдіктің, шылым шегудің, АҚТҚ жұқпасының алдын алу</p> <p>2.10 Психологиялық диагностикалау, алдын - алу, кеңес беру жұмыстарын жүргізу. Математикалық - статистикалық әдістер арқылы нәтижесін ұсыну, мониторинг жүргізу</p>	<p>Білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында МЖМБС мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша мынадай жоспарлар айқындалды: ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында білім беру үдерісін ұйымдастыру және жоспарлау бойынша мәселелер қарастырылады. Жалпы сүйемелдеудің бірінші кезеңі - қызмет мамандарының баланы психологиялық-педагогикалық зерттеуі. ПМПК қорытындысы бар оқушылар, мектепке жаңадан келген оқушылар, сондай-ақ мектептегі үлгерім қаупіне байланысты мұғалімдерден дабыл қағатын оқушылар оқытылады. Соңғы жағдайда мұғалімдер сүйемелдеу қызметіне мамандарға кеңес беру қажеттілігі туралы сұрау салады. Балаларды педагогикалық зерттеу тікелей сабақ барысында диагностикалық сипаттағы арнайы тапсырмаларды және жеке-жеке жүзеге асырылады.</p>
<p>Модуль 3. Педагогтердің IT-құзыреттілігін дамыту</p>	<p>3.1 Білім беру жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру</p>	<p>Дәріс материалдары тыңдаушыларға келесі сұрақтарды ашатын сұрақтарды зерттеуге мүмкіндік береді: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы. Оқу процесінде оқыту кезіндегі қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері. Қашықтықтан оқытуды жобалау. Қашықтықтан білім берудің заманауи трендтері. Қазіргі жағдайда мұғалім енді қолданушы бола алмайды, мұғалімнің</p>

		АКТ құзыреттілігін арттыру туралы айту керек, бұл оның кәсіби сипаттамасы, педагогикалық шеберліктің құрамдас бөлігі. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес қашықтықтан білім беру технологиялары - білім алушы мен педагог қызметкердің жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. Білім беру қоғамдағы негізгі өзгерістерден тыс қала алмайды, сондықтан барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының қызметіне АКТ енгізу бірінші кезектегі міндет болып табылады және оны шешу көбінесе мұғалімдердің өз жұмысында ақпараттық технологияларды қолдануға қаншалықты дайын болуына байланысты.
4. Вариативті модуль	4.1 Педагог-психологтың кәсіби дамуындағы заманауи өзіндік білім алу технологиялары 4.2 Кәсіби құпияны сақтау, педагогикалық әдеп, корпоративтік мәдениет ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру 4.3 Арт-терапия түрлері негізінде тренингтік жаттығулар ұйымдастыру	Дәріс материалдары тыңдаушыларға келесі тақырыптардан таңдау бойынша дәрістер ұсынады: «Педагог-психологтың кәсіби дамуындағы өзіндік білім алуының рөлі», «Педагог-психологтың кәсіби қызметіндегі педагогикалық әдептің негіздері», «Арт-терапия түрлері негізінде тренингтік жаттығулар ұйымдастыру».

6. Оқу процесін ұйымдастыру

1. Білім беру үдерісі бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес өңделген 80 сағаттық курстың оқу-тақырыптық жоспары келісімінде ұйымдастырылған.

2. Білім беру процесін ұйымдастыру барысында тыңдаушылар білімінің сапасын бақылау мақсатында келесідей: өзіндік жұмыс, жоба жұмысы, шағын-сабақты (шағын-іс-шараны) презентациялау және қорытынды тестілеу өткізіледі.

3. Оқу үдерісінде дәріс, семинар, тренинг, іскерлік ойындар, психологиялық жаттығулар, арт- терапиялар жүргізіледі. Бейнефильмдерді талқылау, жағдаяттар құрастыру, шешімін табу, жұптық, жеке, топтық жұмыс жасау технологиялары, сұрақтарды бірігіп шешу және т.б мәселелер қарастырылған.

4. Аудиториядағы тыңдаушылардың ерекшеліктерін ескере отырып оқу барысында оларға өз іс-тәжірибесінің мазмұнын бейімдеуге, логикалық түйіндеуге,

аудиториялық жағдайда практикалық сабақ және аудиториядан тыс өзіндік жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

5. Оқу үдерісі тыңдаушылардың өзіндік жұмысы мен күндізгі сабақтардың үйлесуін қамтиды. Бағдарлама құзыреттілігінің бағыты біліктілікті арттыру үлгісі қызметінің амалдарын болжайды. Интерактивтік білім беру формалары мен заманауи білім беру технологияларын шағын топтарда қолдану арқылы нәтижеге болады: оқыту ойындары; кері байланыс; күрделі сұрақтар мен мәселелерді талқылау; шеберлік сынып, дөңгелек үстел.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1. Модуль1: «Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері»

Мақсаты:

- тыңдаушыларды психологиялық білім беруді жүзеге асыратын басшылардың қызметін реттейтін орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптерімен таныстыру.

- заманауи амалдар бойынша тәрбие үдерісінде педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

Міндеттері:

- Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларын психологиялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтің нормативтік және құқықтық негіздерін оқыту;

- Жалпы білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттарын қарастыру.

- орта білім беру ұйымдарында психологиялық тәрбие жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен танысу;

- Білім беру жүйесінде психологиялық қызметті ұйымдастыруды жетілдіруде педагогикалық ұжымның әлеуетін арттыру жолдарын игеру

Күтілетін нәтижелер:

- білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын педагог- психолог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын біледі;

- психологиялық білім беруді жүзеге асырудың нормативтік-заңнамалық негізін енгізу бойынша білімі бар;

- оқу үрдісінде психологияның заманауи әдістерін қолдана алады және білім берудің нормативтік - құқықтық актілерін қолдана алады.

- оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін, жалпы білім беретін мекемелердегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесін зерттейді;

- талдау, интроспекция, рефлексия, кері байланыс түрлері, оқу процесінің компоненттерін жоспарлау және талдау дағдыларын көрсетеді.

Күндізгі оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
---------------------------	--------------------------	-----------------------	---

	әдістері және сағат саны		
1.1 Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларын психологиялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтің нормативтік және құқықтық негіздері 1.2 Жалпы білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары	Дәріс 2 сағат Дәріс-диалог 2 сағат	Дәріс материалдары тыңдаушыларға педагогикалық қызметкерлерді аттестаттаудың жаңа моделін, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын енгізу жағдайында орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарын ұсынады.	- білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын педагог-психолог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын біледі; - психологиялық білім беруді жүзеге асырудың нормативтік-заңнамалық негізін енгізу бойынша білімі бар; - оқу үрдісінде психологияның заманауи әдістерін қолдана алады және білім берудің нормативтік-құқықтық актілерін қолдана алады.

Онлайн оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
1.1 Жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларын психологиялық сүйемелдеу жөніндегі қызметтің нормативтік және құқықтық негіздері 1.2 Жалпы білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары	Дәріс 2 сағат Дәріс-диалог 2 сағат	Дәріс материалдары тыңдаушыларға педагогтерді аттестаттаудың жаңа үлгісін ұсынады. Білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді және оларға теңестірілген адамдарды аттестаттаудан өткізудің жаңа қағидалары мен шарттары.	- білім беру ұйымдарында қызмет атқаратын педагог-психолог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын біледі; - психологиялық білім беруді жүзеге асырудың нормативтік-заңнамалық негізін енгізу бойынша білімі бар; - оқу үрдісінде психологияның заманауи әдістерін қолдана алады және білім берудің нормативтік-құқықтық актілерін қолдана алады.

Модуль 2. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру

Мақсаты: оқу бағдарламасының жаңалықтары мен пәннің мазмұнын игеру бойынша психологиялық тәжірибені жүзеге асыратын мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

- объективті психодиагностикалық амалдың шеңберінде құрастырылған негізгі әдістерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;
- коррекциялық жұмыстың және психодиагностикалық зерттеудің жоспарын құрастыру дағдыларын қалыптастыру;
- қарым-қатынас, топ, тұлға психологиясы саласында білімдерді меңгеру;
- психокоррекциялық және психодиагностикалық инструментарийды пайдалану нормаларын, ережелерін меңгеру.
- білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды пайдалану дағдыларын дамыту;
- технологиялық тәсіл негізінде сабақты жобалау дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтижелер:

- педагог-психолог жұмысының қызметін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптарды меңгереді;
- жалпы білім беру ұйымының педагог-психологының жұмыс орнын әдістемелік қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды біледі;
- мектепте қауіпсіз білім беру ортасын құруды қамтамасыз ету ұстанымдарын;
- психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету критерийлері, оның құрлымдық үлгісін;
- психологиялық диагностика қортындысының нәтижесі негізінде дамыту және түзету бағдарламаларын жүзеге асыру және жасауды меңгеретін болады.

Күндізгі оқыту

Модуль тақырыптары	Сабақ түрі, оқыту әдістері және сағат саны	Негізгі мазмұн	Нәтижелер (бағаланатын дағдылар)
2.1 Барлық білім беру қатынасына қатысушыларға психологиялық көмек беру және кәсіби педагогикалық-психологиялық құзыреттілікті көтеру туралы (Жедел психологиялық кеңес беру жұмысының алгоритмі)	Дәріс 2 сағат, Пікірталас 2 сағат, Семинар-тренинг 2 сағат	Дәріс материалдары тыңдаушыларға келесі тақырыптардан таңдау бойынша дәрістер ұсынады: «Барлық білім беру қатынасына қатысушыларға психологиялық көмек беру және	-психологиялық-педагогикалық колдауды ұйымдастыру үшін бала мен отбасының мінез-құлқын зерттеудің заманауи диагностикалық технологияларын қолданады;
2.2 Білім берудегі психологиялық сүйемелдеу бойынша ақпараттық-	Дәріс 2 сағат, Пікірталас 2 сағат,	психологиялық көмек беру және	- оқу процесін ұйымдастырудың

